

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗООНИМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Забидуллаева Жұлдыз Маратқызы, Сүлейман Демирел атындағы университет

Түйін

Мақалада түркі тілдеріндегі зоонимдердің этимологиясын ашу мәселелері қарастырылады. Автор қазақ тіліндегі зоонимдердің жасалу тәсілдерін анықтап, олардың қатысуымен жасалған фразеологизмдердің мағынасын түсіндіруге талаптанған.

Кілт сөздер: зооним, зоонимика, фразеологизм, зооморфты тұрақты тіркестер, түркітану, этимология, көнерген сөздер, семантика, таным.

Аннотация

Статья посвящена вопросам изучения этимологии зоонимов в тюркских языках. Определены морфологические способы образования зоонимов в казахском языке. Также автором рассматриваются семантические особенности зооморфных фразеологизмов.

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеуді қажет ететін ономастиканың күрделі бір саласы – зоонимика. Зоонимика – ономастиканың аң, мал, құс атауларын зерттейтін бөлімі.

Жалпы тіл білімінде ономастика саласы жан-жақты зерттеліп жатқанымен, зоонимдерге аз мөлшерде көңіл бөлінген. Осы бағытта қазақ тіл білімінде академик Ә. Т. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты 3-томдық этнолингвистикалық зерттеу еңбегі («Адам», «Қоғам», «Табиғат») мен бірнеше тілші ғалымдардың мақалалары жарық көрді. Мысалы, «Қазақ тіліндегі кейбір зоонимдердің этимологиясы туралы» мақаласында Нұргелді Уәлиұлы *бүркіт*, *кезқұйрық*, *құрқылтай* тәрізді құстардың; *шегіртке*, *кесіртке* деген жәндіктердің; *сайғақ*, *мүйізтұмсық*, *қолтырауын* тәрізді хайуанаттар атауларының төркініне зер салады. Қ. С. Қалыбаева «Түркі тілдеріндегі зоонимдік фразеологизмдер» атты мақаласында түркі тілдеріндегі мал атауларының қатысуымен жасалған фразеологизмдерді өзара салыстыра келіп, олардың ортақ түрлері сақталып қалғанымен, арасындағы айырмашылықтар да аз еместігін айтады. Ф. А. Қақжанова, Ж. М. Омашевалардың «Қазақ тіліндегі зоонимдері бар мақал-мәтелдердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері» атты мақаласында құрамында зоонимдер кездесетін мақал-мәтелдердің құрылымы мен семантикалық белгілері қарастырылған. Зерттеу материалын талдаудың негізінде мақал-мәтелдердің жалғаулықсыз және құрмалас сөйлемдер арқылы жасалатыны анықталғаны айтылады. «Зоонимдердің ономастикада алатын орны» атты мақаласында Г. Т. Кәріпжанова: «Қазақ тіл білімінде зоонимдер зерттеуді қажет ететін ономастиканың бір саласы болып отыр. Зоонимдердің атаулары, типтері, тақырыптық және сөзжасамдық сипаты, фразеологизмдер, мақал-мәтел құрамында жұмсалуды, аталымдардың тілдік сипаты зерттеу нысанына алынуы тиіс мәселе» [1,56] деп атап көрсетеді. Жануарлар мен аң-құстар атаулары Исенова Фатима Куанышевнаның «Зоонимы русского и казахского языков», Линко Татьяна Вениаминовнаның «Зоонимы в казахском и русском языках» деген тақырыптарға жазылған диссертацияларында жан-жақты әрі жүйелі түрде сөз болады. Сонымен қатар, татар тіл білімінде Садыкова Зифа Рашитовнаның «Зоонимическая лексика татарского языка» атты құнды еңбегі жарық көрді. Бұл еңбегінде авторзоонимдерді үй жануарлары, жыртқыш аңдар, үй құстары мен жыртқыш құстар, жәндіктер, балықтар деп, жеке-жеке топтастырып, басқа туыстас тілдердің деректерімен салыстырып, сөздердің этимологиясын толықтай ашуға тырысқан.

Біз мақаламызда қазақ тіліндегі зоонимдердің бірқатарына тоқталып, ол атаулардың құрамы мен семантикасына, яки шығу тегіне барлау жасауды мақсат еттік. Сонымен, алдын ала

жүргізілген талдау нәтижесінде, қазақ тіліндегі зоонимдерді жасалу тәсілдері бойынша былайша топтастырдық:

1. **-ан** формасы арқылы жасалған атаулар: *арлан, тарлан, құлан, жылан, қабан, қабылан, қоян, құнан, қабылан, қыран, тышқан т.б.*

2. **-ын/-ен** формасы арқылы жасалған атаулар: *ақбөкен, құлын, күзен, інген, лашын, тұйғын, құзғын, шыбын т.б.*

3. **-қа/-ке** формасы арқылы жасалған атаулар: *шегіртке, кесіртке, құмырсқа, жұмыртқа т.б.*

4. **-ыр/-ар** формасы арқылы жасалған атаулар: *айғыр, сиыр, қасқыр, суыр, қошқар, арқар, сұңқар т.б.*

5. **-ек/-ық** формасы арқылы жасалған атаулар: *есек, мысық, борсық, тауық, балық, сүлік, көбелек т.б.*

Осындағы бірінші топқа жататын атаулардың соңындағы **-ан** қосымшасын бір кездері дербес сөз болған, кейінірек түбірге кірігіп кеткен «аң» сөзі деп қарауға болады. Ал екінші топқа жатқызылған атаулар құрамындағы «-ын/-ен» формалары «ан» тұлғасының өзгеріске ұшыраған варианттары десек, шындықтан алыстай қоймаймыз. Бұл арада түркі тілдеріне тән сингармонизм заңының ықпалы айқын байқалады.

Енді кейбір зоонимдердің этимологиясына тоқталайық.

Шегіртке – *шырылдақ дауысты секіріп жүретін қос қанатты жәндік*. Қазақстан ландшафтының әр түрлі және жерінің кең байтақ болуына байланысты, елімізде шегірткенің 271 түрі кездеседі. *Шегіртке* сөзінің түп-төркіні *секір* етістігімен тығыз байланысты. Шегірткенің шөптен-шөпке ыршып, секіріп жүретіндігі бәрімізге мәлім. Атау да осыған байланысты пайда болған. Ш~с дыбыстарының алмасуы қазақ тілінде қалыпты құбылыстардың бірі. Махмұт Қашқаридың «Түркі тілінің сөздігінде»: «Шекүрге – шегіртке (оғызша). Түріктер бұл сөзді оның ұшардың алдындағы түріне қарап айтады. Шүпірлеген көп кішкентай балаларды, қарақұрым әскери қолды соған ұқсатады. Шекүрге тек сү – Шегірткедей (көп) әскер...» [2, 548], – деп көрсетіледі. Б.Сағындықұлы: ««Шегіртке» сөзіне қосылған =ке жұрнағының бұрынғы толық қалпы =қан. Н дыбысының түсіп қалғанын байқаймыз. Н дыбысын қалпына келтірсек, көмескіленген мағыналары да айқындала бастайды. Мысалы, «шегіртке» сөзінің түбірі «шег» морфемасы *секіруді* білдірсе, «уртқан» қазіргіше *ұрған* деген мағынаны білдіреді»[3,58], – деп өзінің тұжырымын айтады. Татар тіл білімінде де: «Чикерткә «кузнечик», «стрекоза». Фонетические варианты этого слова: сикертчә (заказ.-мам), сикерткә (злт.), чигеркә/чигерткә (миш.д.). Это название восходит к корню сикер – «прыгать», «скакать» [4,94], – осындай мағына береді.

Кесіртке – *қабыршақтылардың бір отряд тармағы*. Қазба қалдықтары триас кезеңінен сақталған, жыландардың арғы тегі болып саналады. Бұл жәндіктің кесіртке деп аталуы оның ерекше қасиетіне байланысты. Кесіртке сөзінің түп-төркіні кес етістігінен шыққан. Олай деуге себеп, кесірткенің кейбір түрлері жауынан құтылу үшін ұсталған құйрығын үзіп тастап кете береді екен. Бұл құбылыс биологияда аутомия деп аталады. Қарлұқ-ұйғыр тобында кесіртке сөзі «кеслен» түрінде айтылады. Татар тіл білімінде мынадай мәлімет бар: «Кәлтә йылан «ящерица». Кәлтә белән йыланның теле бер (букв.: «ящерица и змея говорят на одном языке»; «быть единым в чем-либо»). Диалектным синонимом этого слова является: кисәркә (срг. мел. кузн.), кәсәртке (перм., кр.-уф.). Кисеркәнен қойроғы киселеп қала бит, тотсаң (менз.). Слово кәлтә персидского происхождения, означает короткий; кес- и кәрт- «резать», «делать отметки, зарубки» [4, 60].

Арыстан – мысық тұқымдасына жататын ең ірі жартқыш жануар. Арыстан сөзі басқа туыстас тілдерде фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Түрік тілінде – «аслан». Арсты-ан/ арслы-аң – «ақырған аң». Бұл сөз – арс-арс еткен аң деген мағынаны береді. Көне түркі сөздігінде: «Arslan – лев. Arslan kokrasa at ayagi tusalir – когда рычит лев, у лошади заплетаются ноги; bori, tilku, arslan adiy ja tonuz senindin qutulmaz olug avda tuz – волк, лиса, лев, медведь или кабан не спасутся от тебя, непременно погибнут на охоте» [5,55] деген мысал келтірілген.

Қоян – сүтқоректілердің бір тұқымдасы, 8 туысқа бөлінетін 50 түрі бар. Бұлардың ішінде тез жүгіруге, ін қазуға, жүзуге, ағашқа өрмелеуге бейімделген түрлері кездеседі.

Жоғарыда берілген сөздердің қатысуымен жасалатын фразеологиялық тіркестерге тоқталсақ. *Шегірткенің айғырындай*. Кіп-кішкене болып алып, қыдындап ақылсынған адам туралы айтылады. Шегірткенің айғырындай мініреңдеп-ақ болды осы немең. (А. Т.) [6,563].

Арыстандай құтырды. Аласұрды, жанын жеді. Зарлық бала ойнайды. Арыстандай құтырып («Мұңлық-Зарлық») [6,64].

Арыстан жүректі. Қаймықпайтын, тайсалмайтын, өжет. Кәркиден пілдей қуатты, Тағы арыстан жүректі, Аплатон, Сократ ақылды, қаһарман, ғали білекті. (Абай) [6,64].

Арыстанның аузына кетті. Ажал араны, алыс жер, қиыр шет. Нұрқан: - әпкетті, әпкетті ғой, ойбай! Арыстанның аузына әпкетті ғой, қайран ағатайым. (М. Әуезов) [6,65].

Аш арыстандай ыңыранды. Ашу қысып, күніренді, күйзелді. Ордада отыр Зарлық хан аш арыстандай ыңыранып. («Мұңлық-Зарлық») [6,90].

Тілімізде «Аң патшасы – арыстан» деген қолданыс бар. Арыстанның патша болуының себебін қазақтың мына мақалынан көреміз: «Арыстанда қырық кісінің ақылы мен бір кісінің күші бар, Жолбарыста қырық кісінің күші мен бір кісінің ақылы бар».

Жерден жеті қоян тапқандай. «Қуану» мағынасын беретін бұл тұрақты тіркестің қалыптасуы туралы бірнеше пікір бар. А. Машанов бұл тіркестің қолданысын аспан әлеміне қатысты қарастырған. Моңғол, Қытай, Парсы елдерінде «айда қоян бар» деген аңыз кездеседі. Ай жарық кезде қозатын ұстамалы ауруды «қояншық» деп атайды. Осы сөздің өзі Ай мен қоянның байланысы бер екенін аңғартады. Ал «Жерден жеті қоян тапқандай» деген сөзге қатысты әзірге айтарымыз мынау: Қоянды ай жануары мағынасында түсінсек, әрі Айдың «жеті қат көкте» екенін ескерсек, қолы немесе төбесі жеті қат көкке жеткендей (болды) деген тіркесті еске алсақ, онда «жеті қат көктен тілегенін тегіс жерден берді» деген мағынаға келеді дейді. Ал Ә. Ж. Хазимова оның мәнін түркі тілдес алтайлықтардың түсінігімен және тілімен байланыстырады. Оларда бас сүйегі бүтін өлген қоянды, тіпті болмаса, тек оның бас сүйегін тауып алудың өзі «ардіна» (бақыт) деп аталады. Ал жеті саны қазақ халқындағы киелі жеті санымен байланыс негізінде алынуы мүмкін.

Қорыта келгенде айтарымыз, тіліміздегі зоонимдердің этимологиясын ашу арқылы халқымыздың этникалық сарасанасының даму сатыларын тануға кеңінен жол ашылады. Сондықтан, осы бағытта тарихи зерттеулер жүргізу ісі алдағы уақытта жалғасын табуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Кәріпжанова Г. Т. Зоонимдердің ономастикада алатын орны // Избранные работы по лингвистике. Сборник работ, посвященный 50-летию профессора, д. ф. н. З. К. Темиргазинной. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 54-61 с.
2. Махмұт Қашқари. Түркі тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: ХАНТ.
3. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Монография. – Алматы, Санат, 1994. – 168 б.
4. Садыкова З. Р. Зоонимическая лексика татарского языка. Казань: Татарское кн. изд-во, 1994. – 130 стр.
5. Древнетюркский словарь. Ленинград: Наука, Ленинградское отделение. – 1969.
6. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.

ӘОЖ 811.512:122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕРКЕЛЕТУ МӘНДІ СӨЗДЕР

Абилова Зайра Мақсотқызы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., БҚМУ доценті Раманова А.А.